

"Қаржы ұйымдарының және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 41 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 31 наурыздағы № 34 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 1 сәуірде № 22461 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65) тармақшасына сәйкес, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 2) тармақшасына сәйкес және "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қаржы ұйымдарының және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 41 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13504 болып тіркелген, 2016 жылғы 7 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы";
кіріспе мен 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65) тармақшасына сәйкес, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 2) тармақшасына сәйкес және "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін";

Көрсетілген қаулымен бекітілген қаржы ұйымдарының және микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық есептілікті ұсыну қағидалары осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Бухгалтерлік есеп департаменті (С.К. Рахметова) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Қасенов А.С.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Ақпарат және коммуникациялар департаменті - Ұлттық Банктің баспасөз қызметі (Адамбаева Ә.Р.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы*

Е. Досаев

КЕЛІСІЛДІ

*Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі*

КЕЛІСІЛДІ

*Қазақстан Республикасының
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар жөніндегі агенттігінің
ұлттық статистика бюросы*

*Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2021 жылғы 31 наурыздағы
№ 34*

*Қаулыға қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2016 жылғы 28 қаңтардағы
№ 41 қаулысымен бекітілді*

Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсынуы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" 2007 жылғы 28

ақпандағы, "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және қаржылық есептілік нысандарын, тізбесін, кезеңділігін және ұсыну мерзімін қоса алғанда, қаржы ұйымдарының (бұдан әрі – ұйымдар) қаржылық есептілікті ұсыну тәртібін айқындайды.

2. Қаржылық есептілік электрондық форматта ұсынылады.

3. Ұйымдардың (бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын қоспағанда) қағаз тасымалдағыштағы қаржылық есептілігіне бірінші басшы немесе оның міндетін атқарушы адам, бас бухгалтер, орындаушы қол қояды және ол ұйымда сақталады. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) және (немесе) Ұлттық Банктің аумақтық филиалының талап етуі бойынша ұйым (бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын қоспағанда) сұратуды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей түзетулері және өшірілген жерлері болмауға тиіс қағаз тасымалдағыштағы қаржылық есептілікті ұсынады.

4. Ұйымдардың (бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын қоспағанда) электрондық форматта ұсынылған қаржылық есептілігі қағаз тасымалдағыштағы қаржылық есептілікке сәйкес келеді. Электрондық форматта ұсынылатын деректердің қағаз тасымалдағыштағы деректермен сәйкестігін ұйымның бірінші басшысы немесе оның міндетін атқарушы адам қамтамасыз етеді.

Қағаз тасымалдағыштағы жылдық қаржылық есептілікте 2 (екі) немесе одан көп салыстырмалы кезеңдердің болуына жол беріледі.

5. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушы адамның және бас бухгалтердің электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған электрондық форматтағы қаржылық есептілігі бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде сақталады. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Ұлттық Банктің және (немесе) Ұлттық Банктің аумақтық филиалының талап етуі бойынша сұратуды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінен алынған электрондық форматтағы қаржылық есептілікті ұсынады.

6. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде сақталатын қаржылық есептілік деректерінің толықтығы мен дәйектілігін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының басшысы немесе оның міндетін атқарушы адам қамтамасыз етеді.

7. Ұлттық Банкке және (немесе) Ұлттық Банктің аумақтық филиалына бұрын ұсынылған қаржылық есептілікте қателер анықталған жағдайда, ұйым мынадай іс-шараларды көрсетілген ретпен жүзеге асыру арқылы қателердің түзетілуін қамтамасыз етеді:

1) анықталған қатені бухгалтерлік жазбаны жүзеге асыру және түзетуші бухгалтерлік жазба жүргізілген есепті кезеңнің қаржылық есептілігін ретроспективті түзету жолымен түзетеді;

2) бұрын ұсынылған қаржылық есептіліктен анықталған қатенің сипаттамасын көрсете отырып, Ұлттық Банкке және (немесе) Ұлттық Банктің аумақтық филиалына қағаз жеткізгіште жазбаша хабарлама жібереді.

8. Ұйымдар Ұлттық Банкке, өзінің орналасқан жері бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалына ай сайынғы, тоқсан сайынғы және жыл сайынғы қаржылық есептілікпен бірге электрондық форматта түсіндірме жазбаны ұсынады, онда "басқа да активтер" және "басқа да міндеттемелер" баптары бойынша, сондай-ақ пайда мен зиян туралы есептің/жиынтық кіріс туралы есептің "басқа да кірістер" және "басқа да шығыстар" баптары бойынша нақтылауды жүзеге асырады.

Екінші деңгейдегі банктер түсіндірме жазбада пайда мен зиян туралы есептің/жиынтық кіріс туралы есептің және ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есептің "пайыздық кірістер" және "пайыздық шығыстар" баптары бойынша қосымша нақтылауды жүзеге асырады.

2-тарау. Жылдық қаржылық есептілікті ұсыну тәртібі

9. Ұлттық Банкке жылдық қаржылық есептілікті есепті жылдан кейінгі жылғы 30 сәуірге (қоса алғанда) дейінгі мерзімде жылдық қаржылық есептілікті, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда – халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда аудиторлық ұйым растаған, Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты, Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есепті/жиынтық кіріс туралы есепті, Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті және Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша капиталдағы өзгерістер туралы есепті қамтитын жекелеген және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті электрондық форматта мынадай ұйымдар:

- 1) екінші деңгейдегі банктер;
- 2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері;
- 3) меншікті активтері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры;
- 4) меншікті активтері бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары;
- 5) бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар;
- 6) инвестициялық портфельді басқарушылар;
- 7) бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар;

8) қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясының негізінде айырбастау пунктері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, оның ішінде бұдан бұрын еншілес банк болған заңды тұлға;

9) өзара сақтандыру қоғамдары ұсынады.

10. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 30 (отызыншы) сәуіріне (қоса алғанда) дейінгі мерзімде өзінің орналасқан жері бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалына Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты, Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есепті/жиынтық кіріс туралы есепті, Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті және Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша капиталдағы өзгерістер туралы есепті қамтитын жылдық қаржылық есептілікті электрондық форматта ұсынады

11. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры Ұлттық Банкке есепті жылдан кейінгі жылғы 30 сәуірге (қоса алғанда) дейінгі мерзімде "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 26 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 54-бабының 4-тармағына сәйкес аудиторлық ұйым растаған, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша таза зейнетақы активтері туралы есепті, Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есепті қамтитын зейнетақы активтері бойынша жылдық қаржылық есептілікті электрондық форматта ұсынады.

12. Активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция нәтижесінде активтер мен міндеттемелер қабылдаған ұйымдар Ұлттық Банкке есепті жылғы 31 (отыз бірінші) мамырға (қоса алғанда) дейінгі мерзімде активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция болған есепті жыл үшін жылдық қаржылық есептілікті ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда – халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған және аудиторлық ұйым растаған, Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты, Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есепті/жиынтық кіріс туралы есепті, Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті және Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша капиталдағы өзгерістер туралы есепті қамтитын жекелеген және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті электрондық форматта ұсынады.

13. Екінші деңгейдегі банктердің ақша қозғалысы туралы есептері халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес тікелей әдіс бойынша жасалады.

3-тарау. Тоқсан сайынғы және ай сайынғы қаржылық есептілікті ұсыну тәртібі

14. Ұлттық Банкке тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті:

1) екінші деңгейдегі банктер тоқсаннан кейінгі күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей, мынадай нысандар бойынша:

Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты;

Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есепті/ жиынтық кіріс туралы есепті;

Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті;

Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша капиталдағы өзгерістер туралы есепті ұсынады.

Екінші деңгейдегі банктер еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда, осы тармақшаның бірінші бөлігінде белгіленген мерзімде және осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген нысандар бойынша халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған және аудиторлық ұйым растаған (бар болса) жеке тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті және шоғырландырылған тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті ұсынады;

2) сақтандыру брокерлері есепті тоқсаннан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмей, мынадай нысандар бойынша;

Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты;

Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есепті ұсынады;

3) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (Ұлттық пошта операторын, ипотекалық ұйымдарды, қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде айырбастау пункттері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғаларды, айрықша қызметі банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды және бұдан бұрын еншілес банк болған заңды тұлғаны, орталық депозитарийді, сауда-саттықты ұйымдастырушыны, Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің (бұдан әрі – уәкілетті орган) тиісті лицензиясы негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын брокерлерді және (немесе) дилерлерді қоспағанда) есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20 (жиырмамынан) кешіктірмей, мынадай нысандар бойынша:

Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты;

Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есепті ұсынады.

15. Микроқаржы ұйымдары өзінің орналасқан жері бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалына тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті есепті тоқсаннан кейінгі

айдың 20 (жиыrmасынан) кешіктірмей, кредиттік серіктестіктер мен ломбардтар есепті тоқсанынан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінен) кешіктірмей, мынадай нысандар бойынша:

Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты;

Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есепті ұсынады.

16. Ұлттық Банкке ай сайынғы қаржылық есептілікті:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмей, мынадай нысандар бойынша:

Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты;

Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есепті ұсынады;

2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиыrmасынан) кешіктірмей, мынадай нысандар бойынша:

Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты;

Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есепті;

Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша таза зейнетақы активтері туралы есепті;

Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есепті ұсынады;

3) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, мынадай нысандар бойынша:

Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты;

Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есепті;

Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша таза зейнетақы активтері туралы есепті;

Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есепті ұсынады;

4) бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, мынадай нысандар бойынша:

Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты;

Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есепті ұсынады;

5) инвестициялық портфельді басқарушылар есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, мынадай нысандар бойынша:

Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты;

Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есепті;

Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық қордың (басқа клиенттердің) активтері бойынша бухгалтерлік балансты;

Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық қордың (басқа клиенттердің) активтері бойынша пайда мен зиян туралы есепті;

Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы активтері бойынша бухгалтерлік балансты;

Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы активтері бойынша пайда мен зияндар туралы есепті ұсынады;

б) "өмірді сақтандыру" саласында лицензиясы бар және сақтанушының сақтандырушының инвестицияларына қатысу талаптары көзделетін сақтандыру шарттарын жасауды жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмей, мынадай нысандар бойынша:

Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық қордың (басқа клиенттердің) активтері бойынша бухгалтерлік балансты;

Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық қордың (басқа клиенттердің) активтері бойынша пайда мен зиян туралы есепті ұсынады;

7) Ұлттық пошта операторы есепті айдан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінен) кешіктірмей, мынадай нысандар бойынша:

Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты;

Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есепті ұсынады;

8) орталық депозитарий есепті айдан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінен) кешіктірмей, мынадай нысандар бойынша:

Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты;

Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есепті ұсынады;

9) сауда-саттықты ұйымдастырушы есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмаасынан) кешіктірмей, мынадай нысандар бойынша:

Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты;

Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есепті ұсынады.

Қаржы ұйымдарының қаржылық
есептілікті ұсыну қағидаларына
1-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына.

Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Бухгалтерлік баланс

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1Н.

Кезеңділігі: жыл сайын/тоқсан сайын.

Есепті кезең: 20__ жылғы "___" _____ жағдай бойынша.

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері, меншікті активтері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, меншікті активтері бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, инвестициялық портфельді басқарушылар, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, оның ішінде бұдан бұрын еншілес банк болған заңды тұлға (қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясының негізінде айырбастау пунктері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), өзара сақтандыру қоғамдары, активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция нәтижесінде активтер мен міндеттемелер қабылдаған ұйымдар.

Ұсыну мерзімі:

1) екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері, меншікті активтері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, меншікті активтері бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, инвестициялық портфельді басқарушылар, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, оның ішінде бұдан бұрын еншілес банк болған заңды тұлға (қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясының негізінде айырбастау пунктері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), өзара сақтандыру қоғамдары - есепті жылдан кейінгі жылдың 30 (отызыншы) сәуіріне (қоса алғанда) дейінгі мерзімде жыл сайын;

2) екінші деңгейдегі банктер - есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей тоқсан сайын;

3) активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция нәтижесінде активтер мен міндеттемелер қабылдаған ұйымдар - активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция болған есепті жылдан кейінгі жылдың 31 (отыз бірінші) мамырына (қоса алғанда) дейінгі мерзімде.

Нысан
(мың теңгемен)

Баптың атауы	Есепті кезеңнің соңында	Алдыңғы жылдың соңында
1	2	3
...		
...		
Активтер жиынтығы		
...		
...		
Міндеттемелер жиынтығы		
...		
...		
Капитал жиынтығы		
Міндеттемелер мен капитал жиынтығы		
А т а у ы _____		М е к е н ж а й ы _____
Телефоны _____		
Электрондық пошта мекенжайы _____		
Орындаушы _____		_____
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)		қолы, телефоны
Бас бухгалтер _____		_____
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)		қолы күні
Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам _____		_____
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)		қолы

"Бухгалтерлік баланс" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

"Бухгалтерлік баланс" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме (индексі – 1Н, кезеңділігі: жыл сайын/тоқсан сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Бухгалтерлік баланс" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысан жыл сайын және тоқсан сайын есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ұсынылады.

Еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда, екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері, меншікті активтері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, меншікті активтері бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, инвестициялық портфельді басқарушылар, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, оның ішінде бұдан бұрын еншілес банк болған заңды тұлға (қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясының негізінде айырбастау пунктері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), өзара сақтандыру қоғамдары жеке бухгалтерлік балансты және шоғырландырылған бухгалтерлік балансты ұсынады.

Еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операцияның нәтижесінде активтер мен міндеттемелер қабылдаған ұйымдар активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция болған есепті жыл үшін жеке бухгалтерлік балансты және шоғырландырылған бухгалтерлік балансты ұсынады.

4. Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Толтырылған нысанға Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам, бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру

6. 1-бағанды толтыру кезінде баптардың атаулары ұйымның операцияларына сүйене отырып, еркін толтырылады.

7. 2-бағанда есепті кезеңнің соңғы күнін қоса алғанда, есепті кезеңнің соңындағы деректер көрсетіледі.

8. 3-бағанда өткен жылдың соңындағы деректер көрсетіледі.

9. Қаржылық есептілік түрі: жеке және шоғырландырылған.

Қаржы ұйымдарының қаржылық
есептілікті ұсыну қағидаларына
2-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына.

Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Пайда мен зиян туралы есеп/жиынтық кіріс туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 2Н.

Кезеңділігі: жыл сайын/тоқсан сайын.

Есепті кезең: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша.

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері, меншікті активтері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, меншікті активтері бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, инвестициялық портфельді басқарушылар, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, оның ішінде бұдан бұрын еншілес банк болған заңды тұлға (қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясының негізінде айырбастау пунктері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), өзара сақтандыру қоғамдары, активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция нәтижесінде активтер мен міндеттемелер қабылдаған ұйымдар.

Ұсыну мерзімі:

1) екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері, меншікті активтері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, меншікті активтері бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, инвестициялық портфельді

басқарушылар, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, оның ішінде бұдан бұрын еншілес банк болған заңды тұлға (қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясының негізінде айырбастау пунктері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), өзара сақтандыру қоғамдары - есепті жылдан кейінгі жылдың 30 (отызыншы) сәуіріне (қоса алғанда) дейінгі мерзімде жыл сайын;

2) екінші деңгейдегі банктер - есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей тоқсан сайын;

3) активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция нәтижесінде активтер мен міндеттемелер қабылдаған ұйымдар - активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция болған есепті жылдан кейінгі жылдың 31 (отыз бірінші) мамырына (қоса алғанда) дейінгі мерзімде.

Нысан
(мың теңгемен)

Баптың атауы	Ағымдағы жылдың басынан бастап кезең ішінде (өспелі жиынтығымен)	Ағымдағы жылдың басынан бастап ұқсас кезең ішінде (өспелі жиынтығымен)
1	2	3
...		
...		
...		
...		
Салық салынғанға дейінгі таза пайда/таза шығын		
...		
Табыс салығы бойынша шығыстар		
...		
Таза пайда/таза шығын		
...		
А т а у ы		М е к е н ж а й ы
_____		_____
Телефоны _____		
Электрондық пошта мекенжайы _____		
Орындаушы _____		_____
_____		_____

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	қолы, телефоны	
Бас бухгалтер _____	_____	_____
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	қолы	күні
Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам _____	_____	
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	қолы	

"Пайда мен зиян туралы есеп/
жиынтық кіріс туралы есеп"
әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысанға қосымша

"Пайда мен зиян туралы есеп/жиынтық кіріс туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме (индексі – 2Н, кезеңділігі: жыл сайын / тоқсан сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Пайда мен зиян туралы есеп/жиынтық кіріс туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысан жыл сайын және тоқсан сайын есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ұсынылады.

Еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда, екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері, меншікті активтері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, меншікті активтері бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, инвестициялық портфельді басқарушылар, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, оның ішінде бұдан бұрын еншілес банк болған заңды тұлға (қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясының негізінде айырбастау пунктері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды

қоспағанда), өзара сақтандыру қоғамдары жеке пайда мен зиян туралы есепті/жиынтық кіріс туралы есепті және шоғырландырылған пайда мен зиян туралы есепті/жиынтық кіріс туралы есепті ұсынады.

Еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операцияның нәтижесінде активтер мен міндеттемелерді қабылдаған ұйымдар активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция болған есепті жыл үшін жеке пайда мен зиян туралы есепті/жиынтық кіріс туралы есепті және шоғырландырылған пайда мен зиян туралы есепті/жиынтық кіріс туралы есепті ұсынады.

4. Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Толтырылған нысанға Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам, бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру

6. 1-бағанды толтыру кезінде баптардың атаулары ұйымның операцияларына сүйене отырып, еркін толтырылады.

7. 2-бағанда ағымдағы жылдың басынан бергі кезеңдегі деректер көрсетіледі (өсу қорытындысымен).

8. 3-бағанда өткен жылдың басынан бергі ұқсас кезеңдегі деректер көрсетіледі (өспелі қорытындымен).

9. Қаржылық есептілік түрі: жеке және шоғырландырылған.

Қаржы ұйымдарының қаржылық
есептілікті ұсыну қағидаларына
3-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына.

Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: ЗН.

Кезеңділігі: жыл сайын/тоқсан сайын.

Есепті кезең: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша.

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және

сақтандыру брокерлері, меншікті активтері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, меншікті активтері бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, инвестициялық портфельді басқарушылар, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, оның ішінде бұдан бұрын еншілес банк болған заңды тұлға (қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясының негізінде айырбастау пунктері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), өзара сақтандыру қоғамдары, активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция нәтижесінде активтер мен міндеттемелер қабылдаған ұйымдар.

Ұсыну мерзімі:

1) екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері, меншікті активтері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, меншікті активтері бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, инвестициялық портфельді басқарушылар, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, оның ішінде бұдан бұрын еншілес банк болған заңды тұлға (қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясының негізінде айырбастау пунктері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), өзара сақтандыру қоғамдары - есепті жылдан кейінгі жылдың 30 (отызыншы) сәуіріне (қоса алғанда) дейінгі мерзімде жыл сайын;

2) екінші деңгейдегі банктер - есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей тоқсан сайын;

3) активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция нәтижесінде активтер мен міндеттемелер қабылдаған ұйымдар - активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция болған есепті жылдан кейінгі жылдың 31 (отыз бірінші) мамырына (қоса алғанда) дейінгі мерзімде.

Нысан
(мың теңгемен)

Баптардың атауы	Есепті кезең үшін	Алдыңғы жылдың ұқсас кезеңі үшін
1	2	3

...		
Табыс салығын төлегенге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза ағыны		
...		
Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың жиынтығы		
...		
Инвестициялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза ағыны		
...		
Қаржылық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың ағыны		
...		
Жыл соңындағы жағдай бойынша ақшалай қаражат және олардың баламалары		
А т а у ы	М е к е н ж а й ы	

Телефоны _____		

Электрондық пошта мекенжайы _____		

Орындаушы _____	_____	
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	колы, телефоны	

Бас бухгалтер _____	_____	_____
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	колы	күні

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам _____	_____	
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	колы	

"Ақшалай қаражаттың
қозғалысы туралы есеп"
әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысанға
қосымша

"Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме (индексі – ЗН, кезеңділігі: жыл сайын/тоқсан сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысан жыл сайын және тоқсан сайын есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ұсынылады.

Еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда, екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері, меншікті активтері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, меншікті активтері бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, инвестициялық портфельді басқарушылар, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, оның ішінде бұдан бұрын еншілес банк болған заңды тұлға (қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясының негізінде айырбастау пунктері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), өзара сақтандыру қоғамдары жеке ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есепті және шоғырландырылған ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есепті ұсынады.

Еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операцияның нәтижесінде активтер мен міндеттемелерді қабылдаған ұйымдар активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция болған есепті жыл үшін жеке ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есепті және шоғырландырылған ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есепті ұсынады.

4. Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Толтырылған нысанға Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам, бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру

6. 1-бағанды толтыру кезінде баптардың атаулары ұйымның операцияларына сүйене отырып, еркін толтырылады.

7. 2-бағанда есепті кезеңнің соңғы күнін қоса алғанда, есепті кезең үшін деректер көрсетіледі.

8. 3-бағанда өткен жылғы ұқсас кезеңнің соңындағы деректер көрсетіледі.

9. Қаржылық есептілік түрі: жеке және шоғырландырылған.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына.

Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Капиталдағы өзгерістер туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 4Н.

Кезеңділігі: тоқсан сайын/жыл сайын.

Есепті кезең: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша.

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері, меншікті активтері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, меншікті активтері бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, инвестициялық портфельді басқарушылар, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, оның ішінде бұдан бұрын еншілес банк болған заңды тұлға (қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясының негізінде айырбастау пунктері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), өзара сақтандыру қоғамдары, активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция нәтижесінде активтер мен міндеттемелер қабылдаған ұйымдар.

Ұсыну мерзімі:

1) екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері, меншікті активтері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, меншікті активтері бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, инвестициялық портфельді басқарушылар, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, оның ішінде бұдан бұрын еншілес банк болған заңды тұлға (қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық

Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясының негізінде айырбастау пунктері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), өзара сақтандыру қоғамдары - есепті жылдан кейінгі жылдың 30 (отызыншы) сәуіріне (қоса алғанда) дейінгі мерзімде жыл сайын;

2) екінші деңгейдегі банктер - есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей тоқсан сайын;

3) активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция нәтижесінде активтер мен міндеттемелер қабылдаған ұйымдар - активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция болған есепті жылдан кейінгі жылдың 31 (отыз бірінші) мамырына (қоса алғанда) дейінгі мерзімде.

Нысан
(мың теңгемен)

Баптардың атауы	Жарғылық капитал	Сатып алынған акциялар	Қосымша төленген капитал	Бағамдық айырмашылық	Жалпы банктік тәуекелдерге арналған резервтер (провизиялар)	Резервтік капитал	Негізгі құралдарды қайта бағалау резервтері
1	2	3	4	5	6	7	8
Өткен есепті жылдың соңында							
...							
Басқа да жиынтық кіріс							
...							
Кезең ішіндегі жалпы жиынтық кіріс/шығын							
...							
Есепті кезеңге қалдықтар							

кестенің жалғасы:

Әділ құны бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы есепке алынатын қаржы активтері бойынша резервтер	Бөлінбеген пайда	Капитал жиынтығы	Бақыланбайтын қатысу үлесі	Капитал жиынтығы
9	10	11	12	13
А т а у ы		М е к е н ж а й ы		
Телефоны _____				
Электрондық пошта мекенжайы _____				

Орындаушы _____	_____	
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	қолы, телефоны	
Бас бухгалтер _____	_____	_____
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	қолы	күні
Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам _____	_____	
_____	_____	
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	қолы	

"Капиталдағы өзгерістер туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

"Капиталдағы өзгерістер туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме (индексі –4Н, кезеңділігі: жыл сайын / тоқсан сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Капиталдағы өзгерістер туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысан жыл сайын және тоқсан сайын есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ұсынылады.

Еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда, екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері, меншікті активтері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, меншікті активтері бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, инвестициялық портфельді басқарушылар, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, оның ішінде бұдан бұрын еншілес банк болған заңды тұлға (қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясының негізінде айырбастау пунктері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды,

монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), өзара сақтандыру қоғамдары жеке капиталдағы өзгерістер туралы есепті және шоғырландырылған капиталдағы өзгерістер туралы есепті жеке ұсынады.

Еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операцияның нәтижесінде активтер мен міндеттемелерді қабылдаған ұйымдар активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция болған есепті жыл үшін жеке капиталдағы өзгерістер туралы есепті және шоғырландырылған капиталдағы өзгерістер туралы есепті жеке ұсынады.

4. Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Толтырылған нысанға Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам, бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру

6. 1-бағанды толтыру кезінде баптардың атаулары ұйымның операцияларына сүйене отырып, еркін толтырылады.

7. 12 және 13-бағандар шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну кезінде толтырылады.

8. Қаржылық есептілік түрі: жеке және шоғырландырылған.

Қаржы ұйымдарының қаржылық
есептілікті ұсыну қағидаларына
5-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Таза зейнетақы активтері туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1НЗА1-БЖЕЖЗҚ.

Кезеңділігі: жыл сайын.

Есепті кезең: 20__ жылғы "___" _____ жағдай бойынша.

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры.

Ұсыну мерзімі: есепті жылдан кейінгі жылдың 30 (отызыншы) сәуіріне (қоса алғанда) дейінгі мерзімде

Нысан
(мың теңгемен)

--	--	--

Баптың атауы	Есепті кезеңнің соңында	Алдыңғы жылдың соңында
1	2	3
...		
...		
Активтер жиынтығы		
...		
....		
Міндеттемелер жиынтығы		
Таза зейнетақы активтері		
А т а у ы _____		М е к е н ж а й ы _____
Телефоны _____		
Электрондық пошта мекенжайы _____		
Орындаушы _____		_____
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)		қолы, телефоны
Бас бухгалтер _____		_____
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)		қолы күні
Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам _____		_____
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)		қолы

"Таза зейнетақы активтері туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

"Таза зейнетақы активтері туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме (индексі – 1НЗА1-БжЕЖЗҚ, кезеңділігі: жыл сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "ЗА1-БжЕЖЗҚ" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жыл сайын есепті жылдың соңындағы жағдай бойынша ұсынады.

4. Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Толтырылған нысанға Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам, бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру

6. 1-бағанды толтыру кезінде баптардың атаулары бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының операциялары негізге алына отырып, еркін толтырылады.

7. 2-бағанда есепті жылдың соңғы күнін қоса алғанда, есепті жылдың соңындағы деректер көрсетіледі.

8. 3-бағанда өткен жылдың соңындағы деректер көрсетіледі.

9. Қаржылық есептіліктің түрі: жеке.

Қаржы ұйымдарының қаржылық
есептілікті ұсыну қағидаларына
6-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 2НЗА1-БжЕЖЗҚ.

Кезеңділігі: жыл сайын.

Есепті кезең: 20__ жылғы "___" _____ жағдай бойынша.

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары.

Ұсыну мерзімі: есепті жылдан кейінгі жылдың 30 (отызыншы) сәуіріне (қоса алғанда) дейінгі мерзімде.

Нысан
(мың теңгемен)

